

Біліміден шыққан сөз, талаптыға болсын кез.

Абай



Құрыш қала KZ



khurysh_khala_KZ@mail.ru

Теміртау қалалық әлеуметтік-ақпараттық газет 3 маусым жұма 2016 жыл № 08 (57)

Ораза қабыл болсын!

Сен Рамазанға дайынсың ба?



Мұсылмандарда қандайда бір кәсіппен қатар, аса үлкен жауапкершілікті іс бар. Ол – Раббысының алдындағы құлшылығы. Әсіресе, жылына бір-ақ рет атқарылатын қасиетті парыз ораза өте үлкен жауапкершілікті талап етеді.

5 - бет

Нұрлы болашаққа нық қадам

4 - бет




Ата – бәйтерек, бала – жашырақ

Дана халымыз „Бала өз несібесін ала туады,, дейді, мұны айтып отырғанымыздың өз жөні бар. Іңгәлап жарық дүние есігін ашқаннан бері ата-әжесінің бауырында өсіп, ұлағатты жандардың тәрбиесін алған бүгінгі кейіпкеріміз өз арман-мұратына ақыл-парасатымен, білім-білігімен, қажыр-қайратымен бір қадам болса да жақындай түскен жан.

6 - бет





4 маусым — рәміздер күні

4 маусым Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздері күні, бұл күн елімізде бірқатар салтанатты іс-шаралармен аталып өтіледі. Өйткені елдің елдігін көрсететін рәміздер әрбір азамат үшін қадірлі. Тәуелсіз Қазақстан тарихында қаншалықты маңызды кезеңдер өтсе де нағыз мемлекеттілікті көрсететін бұл белгілердің маңызы ерекше.

Бұл жөнінде Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев әрдайым бөле-жара айтып келеді: „Мемлекеттік белгілер біздің Тәуелсіз Отанымыздың аса қасиетті белгісі, ол сан ұлттың өкілдерін біріктіретін ұлағатты күш„ деп айтудан

жалыққан емес.

2007 жылы 4 маусымда „ҚР Мемлекеттік белгілері„ туралы конституциялық Заң қабылданды. Міне, содан бері жыл сайын бұл күн ұлттық мақтанышымыз ретінде аталып келеді. Өйткені мемлекеттік рәміздер ол әр елдің ажырамас бір құндылығы, себебі елдің Тәуелсіздігі де, ерекшелігі де осы құндылықтардан көрініп тұрады. Қазақстан республикасының көк туы желбіреп, еркіндіктің, егемендіктің шынайы белгісіндей әрбір жүрекке үлкен мақтаныш нұрын себеді. Өйткені оның ортасындағы алтын күн шапақтары қанаты биікте самғаған бүркіт нағыз өршіл қазақтың рухын беріп тұр емес пе? Бұл әсем байрақты Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген өнер қайраткері Шөкен Ниязбеков жасады. Сондай-ақ мемлекеттік Елтаңбаның да еш жерде қайталанбайтын тамаша



туынды екенін әрдайым айтудан жалыққан емеспіз. Оның ортасындағы шаңырақ бейнесі қазақ елінің негізгі идеясын көрсетеді. Отбасылық бақыт, бейбіт заман, тыныштық, міне, бәрі осы шаңыраққа сыйып жатыр. Шаңыраққа нық орнатылған уықтар күннен тараған әсем шуақтай әр жүрекке жылулық өмір қуатын жеткізеді. Рәміздердің осы тілсіз бейнелері қазақ халқының бейбітшіл жаратылысын көрсетіп тұр. Сонымен бірге республиканың барлық халқын бір шаңырақтың астында біздің ортақ үйіміз тамаша Қазақстанда бейбіт қатар өмір сүруге шақырады. Мемлекеттік Елтаңбаның сәулетшісі Жандарбек Мәлібеков пен Шотаман Уәлиханов сынды тамаша өнер иелері. Мемлекеттік рәміздердің тағы

бір басты белгісі — Гимн. Тәуелсіз Қазақстан тарихында мемлекеттік гимн екі рет — 1992 және 2006 жылдары бекітілді. Кейінгісінде оның негізіне халық сүйетін патриоттық „Менің Қазақстаным„ әні алынды. Бұл әнді халқымыздың тамаша композиторы, вальс королі атанған Шәмші Қалдаяқов 1956 жылы ақын Жұмекен Нәжмеденовтың сөзіне жазған болатын. Мемлекеттік Гимннің барынша салтанатты түрде айтылуы және жоғары мәртебе беру мақсатында ел Президенті Н.Назарбаев оның алғашқы мәтінін сәл өзгертті. Ол тұңғыш рет 2006 жылғы 11 қаңтарда Елбасының салтанатты инаугурациясы барысында шырқалды.

Қ- Ақпарат

Ақтау кентінде

ҚР „Мемлекеттік статистика туралы„ Заңның 16-шы бабына сәйкес жергілікті әкімдік әрбір елді мекенде шаруашылық есеп-қисапты өте дәлдікпен дер кезінде және талапқа сай жүргізуге тиіс. Бұл әрбір елді мекендегі деректердің дұрыстығын қамтамасыз етеді. Қазір бағдарламалық электронды есептеулер қолға алынды.

Шаруашылық есеп өз деңгейінде

2005 жылдан бері Ақтау кентінде де осындай жүйемен шаруашылық есеп жүргізіліп келеді. Кенттегі барлық отбасылар, олардың мүшелері, уақытша немесе тұрақты тұратын адамдар бәрі де арнайы шаруашылық есеп кітабына жазылды. Бұл үшін жылына екі рет — 1 қаңтар және 1 шілдеде әрбір үйді, пәтерді жағалап, жұртшылыққа сауал жасалды. Одан кейін бұл деректер электронды шаруашылық



есепін жүргізу базасына тіркеліп, одан әрі өңдеу және жоғарғы органдарға жеткізу үшін тиісті статистика мекемелеріне беріледі. Міне, осындай мұқият есептеулердің нәтижесінде кенттегі барлық деректер назардан тыс қалмай, арнайы кітапқа жазылуда.

2016-2020 жылдарға арналған маусымдық есепке жүгінсек, қазір үй шаруашылығы үшін 113 дәптер ашылған, оларда 2228 пәтер тіркеліп тұр. Жеке меншік аула саны 1013 болса, көпқабатты үйлерде тұратын отбасылар саны -1215.

2016 жылғы 1 қаңтардағы деректер бойынша Ақтау кентінде 141056,27 шаршы метр 776 тұрғын үй бар болса, соларда 5646 адам тұрып жатыр. Аулалар саны 2228, тұрғындар қолындағы малдың деректеріне келсек, ақтаулықтар 1206 бас ірі қара, 1200-дей қой-ешкі, мыңнан аса құс және 34 бас жылқы

ұстап отыр. Үй шаруашылығын жүргізетін азаматтардың деректері 7 бөлім бойынша арнайы есепке алынған. Мәселен, алғашқы бөлімде үй шаруашылығы иесінің және отбасындағы кәмелетке толған адамдардың аты-жөндері жазылады. Одан кейін тұрғын үй жағдайы, жердің көлемі, сондай-ақ бағымдағы малдың көрсеткіштері нақтыланып жазылады. Міне, осылайша шаруашылық есеп кітабы елді мекендегі әрбір тұрғынның отбасы мүшелерінен бастап, олардың қарауындағы мал-мүлкі туралы деректер, мәліметтер толық көрсетіледі. Қазіргі уақытта бұл жазулардың бәрі электронды түрде арнайы бағдарламалармен қамтылғандықтан кез келген деректі уақытылы көрсету мүмкіндігі бар.

Тимур АҚЫБАЕВ,
Ақтау кенті әкімінің
міндетін атқарушы

Тілге құрмет — елге құрмет

Біздің бөлімде мемлекеттік тілді өңгізу жөніндегі жұмыс «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланында мемлекеттік тілдің қолданылуын одан әрі жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының 2015 жылғы 11 наурыздағы Директивасы, мемлекеттік тілді оқытудың 2014-2016 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес ұйымдастырылып өткізілуде. Осыған орай командирдің бұйрығы негізінде мемлекеттік тілді 2 – бастауыш, 2 – жалғастырушы, 1 – тереңдетіп оқыту топтары құрылды.

Басты назарда

Офицерлердің және келісімшарт бойынша әскери қызметшілердің бастауыш топтарымен Теміртау қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесінің кітапхана дамыту бөлімінің жетекшісі А.Жансағымова Жамбыл Жабаевтың 170 жылдығына арналған шығармашылық портрет сабағы мен кітаптар көрмесін ұйымдастырып, А.Құнанбаев және Қ.Жабаев жөнінде бейнефильм көрсетті.

Бөлімнің мерзімді қызметтегі жеке құрамымен мемлекеттік тілді, Қазақстан халықтарының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тарихы мен мәдениетін насихаттау мақсатында бөлімнің жоспары негізінде клуб, кітапхана бастықтарымен бірлесіп, мәдени-демалыс жұмыстары мен бұқаралық-насихаттау әдістерінің барлық түрлері жандандырылып, демалыс күндері төмендегідей іс-шаралар өткізілді. Солардың қатарында Мұқағали Мақатаевтың 85 жылдығына арналған «Бүгін

„Қазақ тілі — ғажап тіл. Оның болашағы да ғажап. Тек оны насихаттай білуіміз керек„

Елбасы Н.НАЗАРБАЕВ

менің туған күнім...» атты әдеби сазды кешін атап айтуға болады.

Басты назар мемлекеттік тіл саясатын насихаттауға, мемлекеттік тілді жетік білетін әскери қызметшілердің санын арттыруға, мемлекеттік тілді қоғамдық өмірдің барлық салаларында кеңінен қолдануға, Қазақстанның салт-дәстүр, мәдени, тарихи-әдеби мұрасына, «Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы» Заңына құрметпен қарауға бағытталды.

Жыл басынан бері әрбір мерекені лайықты атап өту барысында мемлекеттік тілге басым бағыт беріліп келеді.



Бұл ретте қабырға газеттері шығарылып, оларда түрлі ақпараттар мен жаңалықтар, мерекелік құттықтаулар қазақша жазылады. Бұған қоса әскерилер арасында тәрбие сағаттары мен тақырыптық сұрақ-жауаптар сайысы жүйелі түрде өткізіледі. Мұның бәрін айтып отырғанымыз, №5516 әскери бөлімінде мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту бағытындағы жұмыстарға ерекше мән берілетіндігі. Мысалы, „Сөз мерген„, „Тілдарын„ секілді білім сайыстары әскерилердің пайым-парасаты, тілге деген құштарлығы мен танымдарының одан әрі кеңейе түсуіне өз ықпалын тигізіп келеді.

Мерзімді қызметтегі жеке құраммен демалыс күнгі жоспар бойынша арқан тарту, бел темірге тартылу, эстафеталық жүгіру, қазақша күрес, қол күресі сияқты ұлттық спорттық ойындарын өткізеді.

Бөлім басқармасының әскери қызметшілерімен «Теміртау қаласының тілдерді дамыту орталығында„ «Қазтест» жүйесі бойынша ақпараттандыру өтті. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатын болады.

Баян МУСИНА,
тәрбие бөлімінің бөлімше бастығы



Оқу ордаларында

Мектеп түлектерінің қорытынды кезеңі — Ұлттық біріңғай тестілеу педагогикалық ұжымдардың, ата-аналардың және бітірушілердің орта білім алуының негізгі көрсеткіші болып табылады. Сондықтан жыл сайын бұл жауапты кезеңге дайындық та ерекше. Ең бастысы, білімнің сапасын көрсету десек, оның басты көрсеткіші „Алтын белгі», үздік аттестат екені белгілі.

ҰБТ - ға дайындық түлектер оныншы сыныпта оқып жүрген кезде-ақ басталған. Өткен оқу жылында 10-11 сыныптарға пәндік оқытушылар деректері нақтыланды. Сөйтіп, осы салаға тікелей қатысатын 342 мұғалім жазғы және күзгі мектептерде оқып, біліктіліктерін жетілдірді. Ал 20015-2016 оқу жылы ішінде ұстаздық шеберлікті жетілдіру бағытындағы жеке жұмыстар жүзеге асты. Әр пән бойынша сабақ жүргізетін ұстаздарға тәлімгерлер тағайындалды, шеберлік сыныптары, психологиялық жаттығулар, семинарлар, дөңгелек үстел, онлайн конференциялар өтті. Барлық 342 мұғалім облыстық білім жетілдіру курстарында оқыды. Жалпы қалалық сынақ тестілері өткізіліп, ай сайын олардың қорытындысы сарапталды. Жыл бойы барлығы 18 рет сынақ тестісі және екі рет онлайн тексерісі жүзеге асырылды. Сынақ тестілеуі барысында „Достық», және „5+», жүйелері пайдаланылды. Түлектер өз беттерінше дайындалу барысында 98 (5+) дәсткісін алды. Қыздар гимназиясы негізінде үш рет қалалық тестілеу арнайы жақсы және өте үздік оқитын балалар үшін өтті. Ал ҚарМИУ базасында жүргізілген үш тестілеу нағыз сынақтың өзіне ұқсас деңгейде болды. Жыл ішінде барлық түлектер мен олардың ата-аналары үшін психологиялық



жаттығулар ұйымдастырылды. Ал 30 мамыр күні барлық мектеп әкімшіліктері психологиялық жаттығудың біріңғай дайындық күнін ұйымдастырды.


Биыл біздің қала мектептерін бітірушілер үшін ұлттық біріңғай тестілеу сынағы ҚарМИУ-де 3 маусым күні өтеді. Қала мектептерінде 11 сыныпты биыл 757 оқушы бітіргелі отыр. Барлығы 32 орта білім беретін оқу орны бар екенін ескерсек, оның төртеуінде, атап айтқанда, №1,3,11 және „Престиж», жекеменшік мектепте бітірушілер жоқ. Жыл сайынғыдай биыл да қорытынды кезеңнің таңдауы

Жауапты кезең

әрбір бітіруші үшін нақтыланған., яғни мемлекеттік емтиханды мектепте тапсыруға немесе біріңғай тестілеуден өтуге мүмкіндік жасалып отыр. 25 сәуірдегі қорытынды аттестациялау кезінде барлық мектеп бітірушілердің 53,1 пайызы, яғни 402 бала ҰБТ-ны таңдады. Он мектеп бітіруші қорытынды кезеңнен босатылған, олардың 7-і денсаулығына байланысты, ал үшеуі халықаралық ғылыми жарыстардың жеңімпаздары. Емтиханды таңдаушылардың ішінде 147 түлек Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі жоғарғы оқу орындарына түссе,

193 бала колледждерде оқитын болады. Ал 8 мектеп бітіруші бірден еңбекке араласуды көздеген.

Қазір ҰБТ-ға дайындық толық жүргізілді деуге негіз бар. Университетте бес дәрісхана дайын тұр, Ұялы байланыс арнайы бағдарламалармен жойылады, дәрісханаларға бейне бақылау камералары орнатылған. Сондай-ақ басқа да құрылғыларды тексеретін жабдықтар жеткілікті. ҰБТ барысын қадағалайтын мемлекеттік комиссия іске кірісті, ата-аналар, ұстаздар университеттің мәжіліс залында сынақтың



барысын көріп, бақылап отыра алады. Ал медициналық көрсеткіштеріне байланысты ерекше жағдайға мұқтаж 7 түлекке арнайы дәрісхана бөлінді. Ақтау кентінен келетін 11 түлекті дер кезінде қалаға жеткізу ұйымдастырылады.

Биыл қала мектептерін бітіретін түлектердің 25-і „Алтын белгіден», ал бесеуі үздік аттестаттан үміткер. 2015 жылғы ҰБТ қорытындысы бойынша Қарағанды облысының қалалары мен аудандары арасында Теміртау түлектері 82,1 балл жинап, төртінші орынды иемденген еді. Үстіміздегі жылғы ҰБТ-ға әзірлік барысында өткен жылдардың оң тәжірибесі ескерілді, сонымен бірге бұған дейінгі кемшіліктер де естен шыққан жоқ. Сондықтан биылғы маңызды кезең жоғарғы талаптарға сай өтеді деп сенеміз. Теміртаулық түлектер ұстаздардың, ата-аналардың үміттерін ақтайды.

Бұған сенім зор.

Бақшагүл РАХЫМОВА,
қалалық білім беру бөлімінің басшысы



Дұрыс пайдалана біл

Қазіргі техника дәуірінде адамның күнделікті өмірі компьютермен өтеді. Оны ешкім жоққа шығара алмайды. Компьютерге отырған кезде адам жай ғана отырмай интернет пайдаланады. Қазіргі таңда интернет әлемдік қауымдастықтың негізгі ақпараттық – коммуникациялық құралына айналып отыр.

Бұл тұрғыда қарапайым халықтың күнделікті өмірдегі байланысқа деген қажеттілігі туралы айтпасақ та болады. Қазір интернеттен өзіңе керектінің бәрін таба аласың. Тіпті, интернетте отырып-ақ өзіңе керектіні сатып алуыңа болады (киім, тамақ, әшекей-бұйымдар т.б.). Әрине, бұл өзіңе пайдалы. Бірақта әрбір заттың өз уақыты, өз орны болу керек емес пе? Ал қазіргі жастар күні-түні сол монитордың алдында отыруға бар. Ол бір жағынан денсаулыққа әсер етеді, ал бір жағынан санаға әсер етеді. Кейбіреулер айтып жатады интернетке отырсаң бәрін білесің, бәрінен хабардар болып отырасың деп, ол да дұрыс бірақ ол адамның өзіне байланысты. Ол жақсы бірдеңелер біліп жата

ма немесе ойын ойнап, әлеуметтік желілерде отыра ма. Мысалы, қазіргі ата-аналар интернетті балаларына қосып беріп жатады. Өзі білмесе де баламның көзі ашық болсыншы, білсін, оқысын деп. Интернетке жүгініп, үйреніп кеткен бала, яғни интернет арқылы хат алысып, сөйлесу – баланың айналасындағы адамдармен бетпе – бет сөйлесуіне де әсер етеді, сөйлеу мәдениетінен айырылады. Компьютерден бөлінетін ультра – күлгін сәулесі көзге кері әсер етеді. Ал одан сорақысы – ұлттық, адами қасиеттерге нұқсан келтіретін материалдардың интернет бетінен орын алуы. Қазірде шығарма, эссе жаза алмайтын оқушылар бар. Бұның бәрі көп уақытын кітап оқумен емес, интернетке кіріп




түрлі ойындар ойнап, уақытын тиімсіз өткізудің зардабы. Ал сабақ жайында қалады. Қазір интернетте дені дұрыс ойын да жоқ, кілең атыс-шабыс. Міне, осының бәрі бала санасына әсер етеді. Осы мәселелерге орай Теміртау Политехникалық колледжінде ЕТАЖБҚ мамандығының ЦӨК төрайымы Н.А. Кошкинованың жетекшілігімен ПОВТ-2012 тобының студенттері «Қауіпсіз Интернет» атты 1 курс студенттеріне арналған іс-шара өткізді. Іс - шараның мақсаты интернетке байланысты студенттердің білімдерін нығайту, тиянақтау, интернеттің пайдасы мен

зияны, интернет ресурстарын, әлеуметтік желілерді дұрыс пайдалану туралы нұсқаулық беру болып табылды. Іс - шара барысында интернеттің зияны туралы әртүрлі бейнероликтер, көріністер көрсетіліп, студенттермен сұхбаттар жүргізілді. Сонымен қатар арнайы пән оқытушысы В.М. Нугуманова студенттерге интернетті тиімді пайдалану жағын түсіндіріп, мамандыққа сай әртүрлі білім ресурстарын пайдалану арқылы көптеген ақпараттарды алуға болатындығын хабардар етті. Ал, арнайы пән оқытушысы Ж.Ш.Молдабаева әлеуметтік желілерді яғни контакт желісі,

облачный ресурс, gooole дискіні өз пайдаңа орай қалай дұрыс пайдалану керектігі туралы көптеген ақпарат берді. Яғни, интернетті меңгеруіміз керек деп, таңертеннен қара кешке дейін заман техникасымен шұғылдана бергеніміздің адамзат өміріне тигізетін өзіндік пайдасы мен зияны баршылық екеніне көз жеткізді. Әрқашан әр нәрсенің жақсысын үйреніп, жаманнан жиреніп, пайдасын көріп біліп, ал зиянынан сақтанайық демекпін. Жер халқының келешегі жас буын, яғни сіздер! «Асыл тастан, өнер жастан» демекші, қазіргі техника қарқынды дамыған заманда, білімді интернеттен дұрыс мағлұмат жинап, Қазақстанға өз үлесін қосатын сауаты мол ұрпақ керек! Сондықтан интернет кімге де болса өте қажет, оның пайдасы өте зор, тек қауіпсіз пайдалана білу керек!

Жайнагүл РАШАТХАН,
Теміртау политехникалық колледжі арнайы пән оқытушысы

Қауіпсіз интернет



- Әрине, бүгінгі мерекенің біздің тәрбиеленушілеріміз үшін де, мұндағы ұжым үшін де орны ерекше. Әрбір бала на- зардан тыс қалмай, мерекелік шараға қатысады, өз бойындағы қарым-қабілетін аша түседі, сыйлықтар алады. Сонымен қатар қоғамның бір бөлшегі ретінде өмірден өз орындарын тауып, мейірімге бөленіп ғұмыр кешуі үшін біз қолдан келгеннің бәрін жасауға тырысамыз. Балалардың



1 маусым – балаларды қорғау күні

Жыл сайын 1 маусымда балаларды қорғаудың халықаралық күні кең көлемде аталып өтіледі. Осыған орай біздің қаламызда да мерекелік іс-шаралар легі жалғасып, түрлі қамқорлық пен қайырымдылықтар, думанды кештер жалғасын табады. Бұл жолы Теміртау балалар үйінде „Нұрлы болашақ„ атты сазды кеш ұйымдастырылып, мұндағы ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған ұл-қыздар жиналған аға буын өкілдеріне өз өнерлерін паш етіп, ән салды, би биледі, алғыс сезімдерін жеткізді.

жан-дүниесіне үңіліп, сырласып, әңгімелесіп, сабақтарына көмектесіп, үй шаруасына



НҰРЛЫ БОЛАШАҚҚА НЫҚ ҚАДАМ

икемдеп, жан-жақты болып өсулері үшін күш саламыз. Ал біздің жанымыздан табылып, үнемі демеушілік көрсетіп келе жатқан қалалық прокуратура мен Ішкі істер басқармасына, „Халық банкі, ұжымы мен салық басқармасына, №55524 әскери бөлім мен „Шахтер„ футбол клубына, сонымен қатар белгілі кәсіпкер

Асқар Сәрсекенов сынды басқа да бірқатар азаматтарға шексіз алғыс айтамыз, - дейді балалар үйі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айгүл Өлкеева. Мерекені бүлдіршіндер әуезді жыр жолдарымен ашып, одан соң биші қыздар ұлттық би биледі, ән де әуелеп, нағыз думан басталды. Енді бір сәтте жоғарыда

аттары аталған мекемелер мен ұжымдардың өкілдері құттықтау сөз сөйлеп, сыйлықтарын тапсырды.

- Қымбатты балалар, мен сіздердің баршаңызды бүгінгі мерекемен Ішкі істер басқармасының жеке және басшы құрамының атынан шын жүректен құттықтаймын. Сіздер жалғыз емессіздер, әрдайым мемлекеттің қамқорлығындасыздар, өйткені бала- өмірдің мәні, сәні, - деген ақ тілегін жеткізген қалалық Ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары мерекеге құр қол келмей, түрлі-түсті көшірме құрылғысы мен биылғы түлектерге спорттық костюмдер тапсырды.

Сөз реті келгенде айта кетеріміз, әу баста отбасылық үлгідегі „Айналайын„ балалар үйі болып ашылған бұл мекеменің бүгінде балалар үйі деген атауы қалған. Мұнда бес топқа бөлінген 51 бала тәрбиеленуде. Олардың 13-і биыл мектеп бітіріп отыр, бұл түлектер көңіл қалауларымен қаламыздағы және облыс орталығындағы оқу орындарында кәсіби білім алып, „жастар үйінде„ тұратын болады.

„Нұрлы болашақ„ деп аталған мерекелік іс-шарада тілектер мен сыйлықтар көп болды, өз кезегінде балалар концерттік бағдарлама ұсынып, алдағы уақытта аға-апаларының сенімін ақтап, үлгілі оқушы, тәртіпті ұл-қыз, білікті маман болуға уәде берді.

Р. ЖАҚЫПҚЫЗЫ



«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы

Ел Президенті Н.Назарбаевтың тапсырмасымен осыдан үш жыл бұрын, яғни 2013 жылдың 6 желтоқсанында отбасы құндылығын сақтап, мәртебесін арттыруға бағытталған „Мерейлі отбасы„ ұлттық байқауы бастау алғаны мәлім. Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін бұл конкурсқа қатысуға еліміздің барлық аудан, қалалары мен облыс орталықтарында өтініш берушілердің легі көп. Бұған дейін жазғанымыздай, теміртаулықтар арасында да өз отбасыларының мерейін асырып, жылдар бойы қалыптасқан жақсы салт-дәстүрлері мен өзара сыйластықтарын паш етуге ниеттілер баршылық. Өткен жұма күні ақтық финалға өтіп, қалалық конкурсқа жолдама алған отбасылар арасында қызықты да тартымды, мән-мағыналы байқау болып өтті.



Жүлдегер Финке отбасы

Егер мемлекеттің іргетасы — отбасы десек, көп балалы отбасының бір-біріне, туыстары мен ауылдастарына деген сыйластығы, ұйымшылдығы, бауырмалдығы, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсететін ізгі қасиеттерін көпке үлгі етуге әбден лайық. Осындай отбасылық құндылықтарды кейінгі ұрпаққа насихаттауды мұрат тұтқан қалалық байқауда төрт отбасы өздерін таныстырды. Олар Финке, Әбіров, Лугинов және Шевченко отбасылары.

Байқау бірнеше кезеңнен тұрды, алғашқысында әрбір отбасы өздері жайында мәлімет беріп, отбасының іргетасы қашан қаланғанын, ұл-қыздары мен айналысатын кәсіптері туралы деректер мен дәйектерді мейілінше қиюластырып, әр қырынан айта білді. Бұл ретте сахна төріне бірінші болып шыққан Финке отбасын атап айтуға болады. Отағасымен отанасы ұлағатты ұстаздар, олар төрт ұл, бір қыз тәрбиелеп отырған отбасы. Әрине, шығармашылық қарым-қабілеттері ә дегеннен-ақ байқалды, өздері туралы тамаша мағлұмат берді. Содан соң салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен достасқан Әбіровтер отбасы жұртшылықпен жүздесті. Теміртаулықтар Әбіровтерді бұрыннан жақсы біледі, өйткені үш әулет бойы еркін күрестен жаттықтырушы болып келе жатқан отбасы шын



Әбіровтер отбасы, 3-ші орында

мәнінде үлгі етуге болады. Отағасы Амангелді Қарағандыдағы дарынды балаларға арналған спорт мектеп-интернатында еркін күрестен бапкер, еркін күрестен спорт шебері, ол күні бүгінге дейін бес Қазақстан чемпионы, бір Азия ойындарының жүлдегерін дайындаған. Ал отанасы Тілектес қалалық перзентханада медбике. Олардың екі ұл, бір қызы да еркін күреспен айналысады, күні кеше ғана 17 жастағы қызы Айнагүл еркін күрестен Қазақстан чемпионы болып, жарыстан жүлделі оралған. Арсланы мен Рысбегі де спортшы, әке жолын қуып, еркін күресті таңдаған, қазір спорт мектебінде оқиды. Сөз реті келгенде айта кетеріміз, бұл отбасы

„Отбасында адам бойындағы қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады„.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Дәстүрінді баққаның — үмітіңді жаққаның

көрсетумен келеді екен.

Міне, осылайша, байқауға қатысқан әрбір отбасының өзіндік ерекшеліктері бар. Жарыстың екінші кезеңінде олар махабат, достық, денсаулық және өзара түсіністік секілді шартты түрдегі кірпіштерден өздері армандаған үйді салып, оған өз ой-санасындағы басқа да мақсат-мұраттарын қосты. Үшінші кезеңде сұрақ-жауаптарға кезек беріліп, жиналғандар күлкіге қарық болды. Жарасымды өзіл-қалжыңға құрылған сұрақтар мен олардың жауаптарын ерлі-зайыптылар оқы берді. Ал соңғы кезеңде әрбір отбасы өздерінің шығармашылық қырларынан танылып, ән-биге кезек берді. Қаламыздағы өнер ұжымдарының өнерлі өрендері байқау барысын әсем әнмен, бимен көмкерді.

Сонымен, „Мерейлі отбасы - 2016„ ұлттық байқауының қалалық басқышында көп ұпай жинап, жұртшылықтың назарына іліккен Финке отбасы жүлделі орынға лайық деп танылса, екінші орынды Лугиндер жеңіп алды. Ал үшінші орынды Әбіровтер мен Шевченколар өзара бөлісті. Олардың баршасына сыйлықтар тапсырылды. „Мерейлі отбасы„ байқауына қаламыздың кәсіпкерлері демеушілік етті, аттарын атап айтар болсақ, „BES„ сұлулық студиясы (Сатжан Ахметов) мен „Олимпия„ фитнес-клубы байқау жеңімпаздарына сертификаттар тарту етті.

Руза АЛДАШЕВА

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Ержан қажы МАЛҒАЖЫҰЛЫНЫҢ қасиетті Рамазан айына байланысты халыққа

ҮНДЕУІ

Аса қамқор, ерекше Мейірімді Алланың атымен бастаймын!

Құрметті отандастар, бауырлар! Баршаңызды күллі мұсылман баласы сағына күткен, берекелі, қасиетті Рамазан айының келуімен шын жүректен құттықтаймын. Рамазан мүбәрәк болғай!

Рамазан – жалпыға ортақ ізгі амалдар маусымы. Ораза – тәрбие, сабыр, қайырымдылық, ізгілік мектебі.

Рамазан – қайырымды жандар үшін үлкен мүмкіндік. Оразада жасалған Жаратушы Иемізге ұнамды әрбір қайырлы іс – үлкен сауап. Пайғамбарымыз Мұхаммед (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) бір өсиетінде: **«Адамдардың жақсысы – елге пайдасы тигендері»,** – деген. Адам қалай ниет етсе, сол мақсатына жетеді.

Әр пенде сауапты амалымен, тақуалығымен Алланың алдында дәрежесі артады. Жомарт, жанашыр азаматтарды, кәсіпкерлерді көмекке мұқтаж адамдарға қамқорлық көрсетуге, мәселен, су тасқынынан үйсіз, шарасыз қалған отандастарымызға қайырымдылық жасауға, табиғи апат салдарынан бұзылған үйлерді жөндеуге қол ұшын беруге, жетім мен жесірге мейірімділік танытып, қараусыз қалған қарттарға көңіл бөлуге шақырамын.

Зекет беру – жағдайы келген (шариғат бойынша нисап мөлшеріне жеткен) мұсылманға парыз. Ал зекет берекелі Рамазан айында


берілсе, оның да сауабы еселеніп жазылады.

Қасиетті айдың құрметі үшін азық-түлік, көкөніс пен тұрмыстық заттарға жеңілдік жасалып, Құдайы астар мен садақалар ауызашар уақытында ұйымдастырылса, тойлар ішімдіксіз өткізілсе, жамандықтың бастауы болған арақ-шараптың сатылуына барынша жол берілмесе деген тілегімді білдіремін.

Сонымен қатар, көпшілік жұртқа оразаның әр күнінде бір жақсылық жасауды жоспарлап, осынау сауапты амалдарды ықыласпен орындауға, Алланың әрдайым бізге үздіксіз нәсіп ететін нығметтерінен садақа беруге шақырамын. Ізгі амалдар Рамазаннан кейінгі айларда да жалғасын тапса игі.

Рамазан – бірлік айы. Осы айда берілетін ауызашарлар ағайын-жұрттың арасын жақындастырып, игі іс-шаралар мен қайырымдылық акциялар халқымызды сенімі мен нәсіліне қарамай, ортақ мақсатқа үндейді. Бүкіл әлемнің Жаратушысы барша адамға: **«Бөлінбедер»,** – деп бауырмал болуға бұйырған. Бірлігі күшті елдің берекесі артады. Бірлігімізге бекем болайық!

Қадірлі жамағат! Сауабы еселеніп жазылатын қасиетті айда жасаған амалдарымыз бен ізгі ниеттерімізді Алла Тағала қабыл еткелі! Әмин!



Құттықтау

Аса қамқор ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Құрметті теміртаулықтар!

Сіздерді мүбәрәк Рамазан айының келуімен шын жүректен құттықтаймын. Рамазан -Алла тағаланың пендесіне берекетін төккен ай болғандықтан осы айда ұстаған оразамыз, жасаған дұға-тілектерімізді, ғибадат-құлшылықтарымыз, әрбір қайырлы амалдарымыз қабыл болғай! Рамазан игілік пен береке, ынтымақ пен сабыр айы. Әрбір Алланың сүйген құлдары осы айда көп сауапқа ие болу үшін, сабырлылыққа, тақуалыққа, жомарттыққа, мейірімділікке жақындап, Алланың алдында дәрежелі болуға тырысады. Міне, осы айда Алланың әмірін тұтыну үшін, мұсылман адам таңнан кешке дейін ішіп-жеуден, ғайбат сөйлеуден, өтірік айтудан, жамандық атаулының баршасынан тиылып, ораза ұстайды. Қасиетті Құранда:

«Сендерден бұрынғыларға да парыз етілгендей, Рамазан айында ораза ұстау сендерге де парыз етілді»-дейді. Тағы бір аятта:

«Кімде-кім Рамазан айында сырқаттанып қалса немесе сапарда болса, рамазан айының оразасын басқа күндерде ұстасын» - деген.

Құдси хадисте Алла тағала: «Ораза тек мен үшін. Оның сыйын (сауабын) өзім ғана беремін...деп оразаның қадір-қасиетін, маңыздылығын баян еткен.

Пайғамбарымыз с.ғ.с. хадис шарипінде:

«Әрбір нәрсенің тазартушы зекеті бар. Тәттің зекеті- ораза тұту»- деп айтқан. Ендеше, шарапаты мен берекеті мол айда сауапты істерді көп істеуге, Алланың разылығына бөленуге тырысайық!

Алла тағала пенделеріне ауырлықты қаламайды, жеңілдікті қалайды.

Қасиетті айдың шарапатымен Алла тағала барша отбасына амандық, ынтымақ пен береке нәсіп етсін! Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, мемлекетіміздің мерейі үстем болсын! Әмин!

**Ізгі ниетпен:
Ақылбек Ербатырұлы
АЛТЫНСАРИЕВ,
Теміртау қаласы орталық мешітінің бас имамы**



Сіз ғұмырыңызда бәлкім 10 ораза, бәлкім 20 оразаны қарсы алып, шығарып салып үлгерген боларсыз. Алайда, әрбір адам Рамазан аяқталғанда: «Уақыт деген қандай жылдам?! Бір ай көзді ашып-жұмғанша өте шықты... Ештеңеге үлгері алмадық. Құранды да бітіре алмадым, тарауық намаздарды жіберіп алдым. Құдай қаласа, келер жылы бәрі басқаша болады» деген өкінішке ұрынады. Ислам ғалымдары мұның себебі – Рамазанға деген дайындықтың жоқтығында деген пайым айтады. Қасиетті айды асыға күткенімізбен, оған деген дайындық Рамазан табалдырықтан аттағанда басталады. Нәтижесінде, Рамазанның ләззатын сезінуден мақрұм қалып жүрміз. Мұны білген сахабалар Рамазанға алты ай бұрын дайындалып, алты ай бойы Алладан аман-есен жетуді сұраған екен. Ең абзал буын өкілдерінің парасатты дәстүрін бұзбастан бізде оразаға деген дайындықты пысықтап қойсақ деген ниетпен бүгінгі жазбамызды ұсынамыз.

1. Ниетті түзеу. Құлшылық амалдарының ішіндегі ең бір құрметтісі саналатын ораза – күнелардан құлан-таза айығуға, жақсылыққа өзгеруге, нәпсіні тәрбиелеуге, тақуалыққа жетуге, зор табысқа ие болуға, сұрағанын алуға, таусылмайтын нығметтер мен мәңгілік бақытқа бөленуге берілген жалғыз мүмкіндік. Оразаның өзге құлшылықтардан үстемдігі сол, оның сауабын Алладан өзге ешкім білмейді. Өйткені, ораза - Алла мен құлының арасындағы сыр. Адамның Раббысымен арасындағы сырына сырт көздің сыны араласпайды. Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Рамазан - береке айы. Алла Тағала бұл айда күнеләрді кешіреді, дұғаларды қабыл етеді. Бұл айдың құнын біліңіздер! Тек Жаһаннамға баратын адам ғана бұл айда рахметтен мақрұм қалады» деген. (Табарани) Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Шынында, Алла Тағаланың алдында сондай адамдар бар: Алла оларды Рамазанның әрбір күндіз мен түнінде Оттан босатады. Және шынында, әрбір мұсылман Рамазанның түнінде де, күндізінде де өзінің дұғасына жауап алып отырады» (әл-Баззар), «Кімде-кім ораза ұстаған күйінде қайтыс болса, Жәннатқа кіреді» (әл-Баззар) деген өсиеттер қалдырды. Имам Насаи өзінің «Сунан» атты хадис жинағында Әбу Умамадан (оған Алла разы болсын) мынадай хадис жеткізеді. «Әбу Умама (оған Алла разы болсын) Алла Елшісіне (оған Алла разы болсын): «Әй, Алла Елшісі! Маған пайда беретін бір амалды нұсқашы», - дейді. Сонда ол кісі: «Ораза ұста! Себебі оның теңдесі жоқ!» деген».

Бұл айда мың айдан қадірлі болған Қадір түні, дұға қайтарылмайтын уақыттар, Аллаға жақындататын түнгі намаз, сауаптарға кенелтетін тарауық намазы, Құран оқылатын түндер, ауыз ашар уақыттағы қуаныш секілді басқа ешбір айда, ешбір құлшылықта



Ораза қабыл болсын

Мұсылмандарда қандайда бір кәсіппен қатар, аса үлкен жауапкершілікті іс бар. Ол – Раббысының алдындағы құлшылығы. Әсіресе, жылына бір-ақ рет атқарылатын қасиетті парыз ораза өте үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Сен Рамазанға дайынсың ба?

қайталанбайтын нығметтер бар. Иә, бұл жылына бір-ақ рет берілетін мүмкіндік. Және өткен Рамазаннан келер Рамазанға жетпегендер қаншама?! Сол себепті, ең алдымен осынау сауапты айдың артықшылықтарын еске алып, шынайы ықыласпен дайындалуды жүрекке бекітіңіз демекпіз.

2. Дұға жасау. Тұла бойы сауаптарға тұнған Рамазанға жету жөне осы айда Алла разы болатын амалдарды атқару – мұсылманға берілген нығмет. Ал амалы жоқ, есебі бар Қияметте бізге тамшыдай сауаптың өзі ауадай қажет. Сол себепті, күнделікті дұғамызға Рамазанға аман-есен жетуді, ұлы мүмкіндікке ие болуды, атқаратын құлшылықтарымызды жеңіл әрі жемісті етуін Алладан сұрап, дұғамызға қосайық.

3. Жоспар құру. Дәл бүгін қолыңызға қалам мен қағаз алып, Рамазан айына жоспар құрыңыз. Сонда дайындық шаралары да мәлім болмақ. Мәселен, мен Құранға қатым жасаймын, мінез-құлқымды дұрыстаймын, Жетімдер үйіне барамын, Пайғамбарымыздың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) өмірбаянын оқимын, 50 хадис жаттап, оған амал жасаймын т.б.

4. Жұмысты реттеу. Алла қаласа, биылғы жылғы Рамазан – маусым-шілде айларына түсіп отыр. Яғни, ыстық күндерге тап келуі мүмкін. Екінші жағынан, жаз – еңбек демалыстарының айы. Осы екі мүмкіндікті ұштастыра білген адам ұтылмайды деп ойлаймыз. Себебі, Рамазан толықтай құлшылық айы емес пе? Он бір айымызды дүниелік қажеттіліктерімізге арнап, бар болғаны отыз күнді Жаратушымызға, Ақыретке арнасақ айып болмас... Ғалымдар «Алла ақыреттік істерге көбірек көңіл бөлген адамның бұл дүниелік істеріне жеңілдігін жасап қояды» деген.

5. Умраға қамдану. Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Рамазандағы умра қажылыққа тең келеді» деген. (Бұхари, Муслим). Сапарға тек рухани дайындық емес, материалдық қажеттіліктер де талап етілетіндіктен, қаражатыңызды, демалыс күндерді, құжаттарыңызды осы бастан әзірлегеніңіз абзал.

6. Садақаға ақша жинау. «Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) жақсылықта адамдардың ең жомарты еді. Рамазанда Жәбірейл (оған Алланың сәлемі болсын) келіп жолыққанда одан да қатты жомарттық көрсететін». (Бұхари, Муслим). Осыған сәйкес ғалымдар Рамазан айында жомарттықпен садақаны көп беруге тырысу - абзал амал деген. Қасиетті айда сауап теремін десеңіз, арнайы ыдыс арнап, садақа үшін ақша жинауды да бүгіннен бастаңыз деген кеңес бергіміз келеді.

7. Құран оқып үйрену. «Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) әрбір

Рамазанда Жәбірейл (оған Алланың сәлемі болсын) періштеге Құранды толығымен оқып беретін». (Бұхари, Муслим). Сол себептен сахабалар бұл айда Құранды жарыса хатым етуге тырысатын. Егер сіз тәжүид ережелерін дұрыс білмейтін болсаңыз, дәл бүгіннен бастап қам жасаңыз. Себебі, Рамазанда әріп үйренуге қарағанда, Алланың сөзін оқығаныңыз – әлдеқайда абзал. Ал егер, Құран оқи білсеңіз, бір айда хатым жасап үлгеру үшін, алдағы төрт айда 2 рет хатым жасауды мақсат тұтыңыз. Бұл амалды бүгіннен қалдырмағаныңыз дұрыс.

8. Нәпіл құлшылықтарды арттыру. Жоғарыда айтқанымыздай, Рамазан – құлшылыққа дайындық емес, сол құлшылықтар атқарылатын ай. Адамдар көп құлшылыққа бейімделмегендіктен, ауыр салмақтың әсерінен құлшылық рахатын сезіне алмауы әбден мүмкін. Хадисте: «Кімде-кім Рамазанда иманмен және Алладан сауабын үміттеніп отырып намаз оқыса, оның өткен күнелері кешіріледі» делінген. (Бұхари, Муслим). Олай болса, түнгі намазға тұруды жиілетіңіз дегіміз келеді. Сондай-ақ, жазда күн ұзақ болатындықтан, күні бойғы оразаға шыдамауымыз да мүмкін. Мұның алдын алу үшін, бүгіннен бастап сүннетке сай, дүйсенбі және бейсенбі оразаларына ыждағаттылық танытыңыз.

9. Денсаулығыңызды күтіңіз. Асқазаны ауыратын немесе денсаулығында басқа да ақауы бар адамдар ем-дом шараларын бүгіннен бастағаны абзал.


10. Қажет заттарды сатып алу. Салқын-датқыш, желдеткіш секілді оразаны жеңіл өткізуге себеп болатын керек-жарақтарға бүгіннен бастап ақша жинаңыз немесе қолыңызда бар болған жағдайда сатып алуды кейінге қалдырмаңыз.

11. Оқулықтарды дайындау. Рамазан – рухты, тәнді тәрбиелейтін ай. Егер, сіз осы айды құлшылыққа арнап, бір жылға азық болатын білім жинауды мақсат тұтсаңыз, оқулықтарды, дәрістерді қазірден бастап іздеуге, сатып алуға ден қойыңыз. Құраныңыз жоқ болса, қолға түсіруге асығыңыз. Сауап мақсатында сыйлық ретінде таратуды қаласаңыз, бірнешеуін жинауды бүгіннен бастап қолға алыңыз.

12. Дұға-сүрелер жаттау. Рамазанның түндерін намазбен, дұғамен өткіземін деген адам, намазда оқылатын сүрелер санын осы бастан арттыра бергені абзал. Дұғалар қабыл болатын уақытта кітапша іздеп кеткіңіз келмесе, Құран мен сүннеттегі дұғаларды жаттауды бүгіннен бастаңыз.

Алла Тағала құлшылықта ынталы етіп, күнә-кемшіліктерімізді кешірсін!

(Интернеттан алынды)



- Расында, „Адам-ұрпағымен мың жасайды,, менің тәрбиемді көрген Айбикемнің бүгінгі таңдағы жетістіктері ауыз толтырып айтарлық. Әрине, ол әлі жас, дегенмен, өзге құрбы-құрдастарына қарағанда оның өз жолы, өз соқпағы бар және ол айқын,-деп әңгіме тиегін ағытты қаламыздың қарт тұрғыны, медицина саласының майталманы Ермек Жұмаділов.

„Тәртіпке бағынған құл болмайды,, дейтін Бауыржан батырдың сөзін ұстанатын зейнеткерді теміртаулықтар жақсы біледі. Бар саналы ғұмырын денсаулық саласына арнап, талай белесті бағындырған Ермек ағаның ұрпақтары да өз еңбектерімен елене бастағаны көңілге қуаныш орнатады.

Енді сөз реті келгенде Айбике жайында айталық.

Айбике анасының көзінің ағы мен қарасы, атасы мен әжесінің қуанышы, мақтанышы. Ол қаламыздағы №27 орта мектептің 9 сыны-

Жастар саясаты

Дана халымыз „Бала өз несібесін ала туады,, дейді, мұны айтып отырғанымыздың өз жөні бар. Іңгәлап жарық дүние есігін ашқаннан бері ата-әжесінің бауырында өсіп, ұлағатты жандардың тәрбиесін алған бүгінгі кейіпкеріміз өз арман-мұратына ақыл-парасатымен, білім-білігімен, қажыр-қайратымен бір қадам болса да жақындай түскен жан.

бын 2006 жылы тәмамдап, өз қалауымен іргелі білім ордасы саналатын Теміртау политехникалық колледжіне оқуға түседі. Мұнда заңгер мамандығына үздік оқып, өз тобының көшбасшысы болды. Сабағымен қатар қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүрді, түрлі



ғылыми жобаларды қорғап, облыстық конференциялардан бірнеше рет жүлдемен оралды. Ал сабақтан тыс уақытта шоферлік курсты тәмамдады, сонымен қатар салауатты өмір салтын серік етіп, спортпен жүйелі түрде айналысты. Спорт болғанда да ол шапшаңдық пен ептілікті,

жылдамдық пен икемділікті қажет ететін каратэні жай таңдады. Бұл Айбикенің жай қызығушылығы ғана емес, осы спорт түріне ден қойып, талай қалалық, облыстық, республикалық сайыстарда

Ата – бәйтерек, бала – жашырақ

жүлдегер атанып, қола, күміс медальдарды омырауына қадады, Теміртаудың даңқын

белбеуін жеңіп алды, алдағы бағыты қара белбеу,-дейді атасы.

Айтса айтқандай, Айбикенің алдында жоғары деңгейдегі екі-үш айлық жаттығу бар, содан соң Алпа сәтін салса, қара белбеу үшін бойындағы бар өнерін сарапқа салатын кез де жетеді. Бұл оның арманына жасаған сәтті бір қадамы, енді бір аттаса, қара белбеу иесі атанары сөзсіз. Бұл он жыл бойғы төккен тердің, жаттығулардың, табандылықтың нәтижесі.

Айбике жаттығуда болып, онымен кездесудің сәті түспеді, дегенмен атасымен әңгіме дүкен құрып, біраз жайтқа қанықтық. Бойында білімі бар, спортпен дос, осы жолда нақты табыстарға жеткен жастың осы күнге дейін жұмыссыз жүргені көңілге қаяу түсіргені анық. Мұның себебін сұрағанымызда:

- Айбике өз мамандығы бойынша жұмысқа тұра алмай жүр, қайда барса да, алдынан айқара ашылатын есік табылар емес. Қолында мамандығы бар, бойында ерік-жігері бар спортшы жастың осылайша жұмыссыз жүргені біздің де жанымызға батады. Бұл қоғамның дерті ме деп те ойлаймын кейде,- дейді Ермек ақсақал.

Бұған біздің де алып-қосарымыз жоқ, әйтсе де, алдағы уақытта тұрақты жұмыс орнын табарына сеніміміз мол.

Руза АЛДАШЕВА

Бір ел, бір тағдыр

Металлургтер шаһарында қандай да бір мерекелік-көпшілік іс-шаралар кезінде бұрынғы кеңес әскерінің киім үлгісіндей киінген азаматтар тобын жиі көреміз. Олар мәдени шараларға белсене араласып, қызғылықты билерімен, түрлі ойындармен көпшілікті өздеріне қаратады. Негізі біздің қаламызда оннан аса этномәдени орталықтар жұмыс істейтінін білеміз. Солардың қатарында жоғарыда біз әңгімеге арқау етіп отырған топ та бар. Олардың ресми атауы „Дала аймағы казактарының одағы,,

- Казактар өздерінің көңілді ән-биімен ерекшеленетін орыс халқының ішіндегі бір тамаша тармағы десек болады. Олар қандай да бір қалалық шараларға аса белсенділікпен қатысады, сөйтіп өздерінің жүздеген жылдар бойы жалғасып келе жатқан салт-дәстүрлерін кейінгі ұрпаққа үйретіп, жалғастыруда,-дейді қаламыздағы „Халдықтар достығы,, қоғамдық бірлестігінің өкілдері.

Өз өлестерін қосуда



Шынында да біз осы „Дала аймағы казактары одағы,, аймақтық қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Е.Л.Отводенкомен әңгімелесу барысында орыс халқының ежелгі халықтық салт-дәстүрлерін мықтап ұстанған өзара теңқұқылы адамдардың қоғамдық тобына осы казактар мысал бола

алатынын естіп білдік.

- Казактардың өзіндік дәстүрлері жетерлік, соның қазіргі заманға ең бір керектісі әрбір адамның ар-ожданы шыныдай мөлдір, таза болу керек деген ұстаным. Теміртауда қырық шакты адам бас қосқан казактер одағы ұзақ жылдардан бері жұмыс

істеп келеді. Біздің мақсатымыз жастарға адамгершілікті насихаттау, ешбір тәртіп немесе құқықбұзушылыққа жол бермеу, жасөспірімдер арасында қылмыстың алдын алу болып табылады,-дейді Евгений Леонидович.

Бұл ұйымның „Калинка,, ансамблі қалалықтарға жақсы таныс. Орыстың ұлттық ән-биін орындайтын бұл топ әр мерекеде көпшілікке қызмет етіп, көзге түсіп жүр. Жуырда казактар тағы бір тың бастама көтерді. Олар қалалық әкімдіктен көгалдандырып, жаңа көшеттер отырғызу үшін белгілі бір аймақты бөліп беруді сұрады, Әрине, әкімдік бұл ұсынысты қолдады, сөйтіп олар Теміртаудан Қарағандыға шыға берістегі жол бойынан ағаштар отырғызатын бірнеше шаршы метр жерді өз күтіміне алды. Мамырдың алғашқы күндерінде ол жерге ондаған түп жас шыршалар өскіні отырғызылды.

- Біз бұл жерді тұрақты түрде өзіміз күтеміз, жаңа отырғызылған бұталардың жайқалып өсуін қамқорлыққа алдық. Бұл Теміртау казактарының қалаға қосқан үлесі болмақ,-дейді топ мүшелері.

Шынында да өте құптарлық іс бұл. Қаламызда қоғамдық ұйымдар аз емес, олардың бәрі де өздерінің ұлттық, фольклорлық салт-дәстүрлерін жалғастырып, ұрпаққа үлгі көрсетіп келеді. Соның бірі болып отырған казактар одағының бұл бас-тамасы басқаларға үлгі боларлық.

Өз тілшімізден



Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу

Егер тарих тереңіне зер салып қарар болсақ, кең-байтақ қазақ жеріне, қазақ еліне жеті жұттың бірі - ашаршылық бір емес, екі дүркін келгенін аңғаруға болады. 1929 жылғы аштық салдарынан бірнеше миллион халық қырылған болса, 1932 жылы көз жұмғандардың саны одан да едәуір көп. Егер адам баласының ең асыл мұратының бірі - ұрпақ болса, сол ұрпағын қалай да аман алып қалу үшін жаны қалғандар жатжұртқа босып кетті.

Халыққа келген қасірет

Хмелева.

1930 жылы Сталинград облысынан жер аударылған Зацепиловтар отбасы жайында сақталған мәліметтер мен деректер көп. Соның бірі Александра

Сөйтіп ол қарт ата-анасымен, балаларымен осында келеді. Самарқанд поселкесінде ол күзетші, ат айдаушы секілді жұмыстарды істеп жан бағады, дейді. Небір қиын кездер бастан өткен, ал бертін келе оның қызы Саратов мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, ата жолын жалғастырады.

Мұражайда қуғын-сүргін көргендердің фото-суреттері мен өмір-деректері, құжаттары, жазған хаттары орын-орнымен қойылыпты. Бейне бір сол замандағыдай арнайы сөрелер жасалған.

- 1931 жылы Саратов облысынан Қарағанды облысына жер аударылып, Самарқанд поселкесіне келдік. Жағдайымыз аса ауыр болғандықтан, оқи да алмадым, есесіне қара жұмысқа жегілдім. 1935 жылы ҚарГРЭС-те сылақшы болдым, ең алғашқы көп қабатты тұрғын үй, мектеп, су қоймасы құрылыстарына өз қолтаңбамды қалдырдым, - депті өз естелігінде Эмманиуил Юнг. Кейін ол «Қазметаллургстрой», тресінің «Металлургстрой», басқармасының шебері, станхановшылар еңбек әдісінің нұсқаушысы

бірнеше тіл білген, Ұлы Отан соғысына қатысқан, немістің тұтқынына түседі. Еліне оралған соң оған «Отанын сатқан», деген айып тағылып, Қарағандыдағы тұтқындар лагеріне жөнелтіледі. Мерзімін өтеп болған соң Олег Михайлович осында тұрақтап қалады. Орыс драма театрында жұмыс істеп, өзі де театр құрады. Зайыбы Маргарита Перхина екеуі Теміртауға келіп, «Буравестник», театрының негізін қалайды. Сөз реті келгенде айтарым, осыдан біраз жыл бұрын марқұм Маргарита Перхинаның көзін көріп, аз-кем әңгімелескенім бар еді. Ол неміс қызы екен, Отан соғысы басталғанда немістер «қандасымыз», деп анасы екеуін Германияға жөнелтеді. Ал соғыс аяқталғанда кеңес үкіметі оларды «сатқындар», деп кері қайтарып, он жылға соттап, Қарағанды лагеріне жібереді.

Он жыл жазамды өтедім, анам түрмеде қайтыс боп кетті. Мерзімім біткенде аш-жалаңаш, баратын жерім жоқ Қарағандыдағы саябақта бірнеше күн түнеп жүрдім. Бір күні саябақта



Ел басына күн туған сол бір нәубет жылдары Қазақстанда басшы болған Голощекиннің «Кіші октябрь» деп аталатын саясатының жемісі еді бұл. Қолындағы малымен күнін көріп отырған ауқатты байлар мен қарапайым жұртшылыққа астық салығы салынып, оны өтей алмағандардың хәлі тіпті мүшкіл болды. Сол жылдарға қатысты мынадай деректер мен дәйектер бар. Мысалы, 1933 жылға дейін елімізде 40 миллион мал бар болса, содан ашаршылықтан соң қалғаны небәрі 15 миллион. Түптеп келгенде, бұл сол кездегі қылышынан қан тамған биліктің халыққа қолдан жасаған қиянаты болатын. Мұнан көп ұзамай 1937 жылы қуғын-сүргін деген шықты. «Халық жауы», «Жапон тыңшысы», деген негізсіз ауыр айыптар тағылған небір марғасқа ұлдар ұсталып, жазықсыз айдалып, атылып кетті.

Содан бері арада талай жылдар өтті, саяси қуғын көргендер ақталды. Бірақ, сол нәубет ұмытылмақ емес. Жыл сайын 31 мамыр күні оларды еске алып, аза тұтамыз, жазықсыз жапа шеккендердің өмірі мен тағдырын зерделейміз.

Ал бұл күні қаламыздағы тарихи-өлкетану мұражайы тағдырдың талайымен Ресейдің түкпір-түкпірінен жер аударылған, қуғын-сүргінге түсіп, Қазақстаннан пана тапқан, Теміртауда ірі өндіріс орындарының және тұрғын үйлердің салынуына, мәдениет пен өнердің дамуына өз үлестерін қосқан жандар туралы тың мәліметтер жинап, оны жұртшылықтың назарына ұсынды.

- Бүгінгі экспозицияда репрессия құрбандарының өз қолдарымен жазған естеліктері бар. Сондықтан әрбір отбасының басынан кешкен қиын тағдырлары туралы айтамыз,-дейді мұражайдың аға ғылыми қызметкері Татьяна

«Бұл қасіреттің орнын толтыру мүмкін емес. Жалпы есеп бойынша Қазақстан, Беларусь Ресей және Украинада ашаршылық пен ауру салдарынан 7 млн. адам қаза тапты. Ашаршылықтан қаза тапқан олардың 1.5 млн.-нан астамы Қазақстанға тиесілі. 600 мың қазақ ашаршылық пен аурудан қашып, туған жерін тастап кетуге мәжбүр болды. Тек қана 37-38 жылдары, 2 жылда НКВД органдарының ресми мәліметтері бойынша, Кеңес одағының аумағында 1,5 млн.-нан астам адам тұтқындалды, олардың 680 мыңының ату жазасына кесілгендігі туралы шешімдері болды. Біз бұны есте сақтауымыз керек».

Президент Н. НАЗАРБАЕВ

Зацепилованың естелігі: «Отағасы Федор селекциялық жұмыстармен айналысатын. Оның шаруасының өрге басқанын көре алмағандар бүкіл мал-мүлкінен айырып, Қазақстанға жер аударылып кете баруына ықпал еткен.



секілді бірқатар жұмыстарды адал атқарған. Тіпті КСРО Жоғарғы кеңесі Президиумының мақтау қағазымен марапатталған.


Тағы бір жер аударылып келген азаматтың аты-жөні Павел Иванович Гуляев, ол Қазақстан суретшілерінің шығармашылық бірлестігінің суретшісі болған. Ұлы Отан соғысына қатысқан ол 1948 жылы КСРО Жоғарғы кеңесі Президиумының Жарлығымен сотталып, жазасын Сахалин екбекпен түзету колониясында өтеген. Мұражайда оның қылмысын кешіріп, рақымшылық сұрап жазған хаты сақталған. Түрмеден соң Қазақстанға келіп, суретшілердің алғашқы республикалық көрмесіне қатысқан. Сонымен қатар Қарағандыдағы вокзал мен кеншілер мәдениет сарайын өрлеуге қатысқан.

Теміртау жұртшылығына Олег Михайлович Перхиннің аты жақсы таныс, ол

кетіп бара жатқан Олег Михайлович мені байқап қалды, түрмеде оны танытынмын, жасы менен едәуір үлкен. Ол жанымға келіп жөн сұрады да, мені өзімен бірге ертіп әкетті. Осылайша біздің тағдырымыз қосылды,- деген еді тоқсанға келген кейуана. Ол кісі Сәбит Мұқановтың көзін көрген, оның шығармасына либретто жазған шығармашыл адам. Осы мұражайда жазушымен бірге түскен суреттері мен бір-біріне жазған хаттары сақталған.

31 мамыр — ашаршылық пен қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні мұражай қызметкерлері тартымды шара ұйымдастырып, жастарға нәубет жылдардан толыққанды ақпарат берді оның қала тарихымен қатысты тұстарын айқындады.

Руза АЛДАШЕВА



Теміртау — тұғырлы мекен екені рас. Мен жұбайым Раушан Асылбекқызы екеуміз Алматыдағы ҚазМУ-ды бітіріп, 1970 жылы жолдамамен келген жас маман едік. Содан бері талай жылдар өтіпті, бүгінгі таңда сол өткен жылдар туралы ауыз толтырып айтатын естеліктер баршылық. Әуелі Алланың қалауымен алдымыздан жаны жайсаң, жүрегі жомарт, ұлт мүддесін ойлайтын білімді де парасатты Нариман Ишмухамедов сынды абзал азамат шықты. Ол білікті басшы болумен қатар қазаққа жанашыр азамат еді. Біз институтта тапжылмай 35-38 жыл еңбек еттік.

Кезінде ректор Нариман Қуанышқалиұлы маған сенім артып:

- Өзің көріп жүрсің, біздің институтта есептеу орталығы жоқ. Ал сен мұның не екенін жақсы білесің, осы саланың білікті маманысың, -деп қолқа салып, өзімді шет елге қажетті жабдықтар алуға жіберді. Нәтижесінде институтта „Есеп-

Жазылған жайдың жаңғырығы

Орынды ұсыныс

теу орталығы, ашылған болатын. Айта берсек, ол кісінің жасаған игілікті істері өте көп. Ал тағдыры өз алдына бір дастан, соның әрбір жылын, әрбір сәтін жазып жеткізу оңай шаруа емес. Сондықтан мен Нариман Қуанышқалиұлын адам ретінде де, басшы ретінде де ащаматтығын мойындап, құрмет тұтамын. Өте ұлтжанды, тұла бойы тұнып тұрған адами қасиетте болатын. Өттең, осындай марғасқалар қазіргі кезде тым аз екенін күнделікті өмірде, тұрмыс-тіршілікте көріп, біліп келеміз.

Халқымыз „Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын“, деп бекер айтпаған ғой, мен жүрген жерімде ол кісі туралы үнемі айтып, он сегіз жылда істеген істері мен жас мамандарға жасаған қамқорлығын, үлкендерге деген құрметін айтудан жалыққан емеспін.

Нариман Қуанышқалиұлы жоғары білім беру саласын алға сүйреп, қана қоймай, металлургияның қыры мен сырын меңгерген адам. Ерен еңбегі үшін бірнеше медаль, ордендермен марапатталды да. Кезінде оқу процестеріне жаңа методикалық әдістер енгізді, институттың ғылыми әлеуетін арттырды, айта берсек, еңбегі өлшеусіз. Осының бәрін ескере отырып, Нариман Қуанышқалиұлы Ишмухамедовтың есімін ҚарМИУ-ға беру керек деген ұсынысты отбасымызбен қолдаймыз дегім келеді.

Сейілбек СЕРІКБАЕВ,
аға оқытушы



Қайырымдылық

«Ұяша» бақшасындағы игілікті іс



1 маусымда әлемнің көптеген елдерінде Халықаралық балаларды қорғау күні тойланады. Бұл балалар үшін ең қуанышты және сүйікті мереке. Теміртау қаласының төтенше жағдайлар басқармасы ұжымы бұл күні қаламыздағы № 6 «Ұяша» бала бақшасына барып сәбилердің мерекені қызғылықты өткізуіне атсалысты.

Мамандар бүлдіршіндерді мерекелік қызықтармен еліктіріп қана қоймай ойын барысында түрлі қауіп-қатерлерден сақтану шараларын да үйретуге ұмтылды. Мәселен кездейсоқ жағдайда орманда үйінділер астында қалып қойған қонжықты құтқару балаларға қатты ұнады. Бірнеше командаға бөлінген тәрбиеленушілер ата-аналарымен бірігіп құтқару сапарына жиналды, жолға керекті жабдықтарын сөмкелерге салды, кедергілерден сүрінбей өтуді, табиғаттың дүлей апаттарына қарсы тұру әдістерін үйренді. Сондай-ақ төтенше жағдай бола қалған жағдайда тез арада хабарлау, құтқаруға әзірлік сияқты әрекеттер де көрсетілді. Міне осылайша мерекелік кездесу барысында өткізілген ойын арқылы төтенше жағдай туа қалғанда бірінші кезекте атқарылатын жұмыстар, сонымен бірге шұғыл қызметтердің телефон нөмірлері де еске салынды. Кездесу соңында осындай тәрбиелік мәні зор іске атсалысқан, белсене қатысқан балалар, тәрбиешілер, ата-аналар алғыс хаттармен марапатталды.

Теміртау қалалық, Төтенше жағдайлар басқармасы

ҚАСИЕТТІ РАМАЗАН АЙЫНДАҒЫ ОРАЗА ҰСТАУ МЕН НАМАЗ ОҚУ УАҚЫТЫНЫҢ КЕСТЕСІ

(Теміртау қаласы үшін) 2016 жыл - хижраша 1437 жыл

Милади күндер	Рамазан күндері	Апта күндері	Таң намазы кіруі	Таң намазы мешітте оқылуы	Күннің шығуы	Бесін Намазы	Екінті намазы	Ақшам намазы (ауызашар)	Құптан намазы (тарауық)
6/06/2016	1.	Дүйсенбі	03:01	03.30	05:01	13:30	18:37	21:20	23:00
7/06/2016	2.	Сейсенбі	03:01	03.30	05:01	13:30	18:38	21:21	23:00
8/06/2016	3.	Сәрсенбі	03:00	03.30	05:00	13:30	18:38	21:21	23:00
9/06/2016	4.	Бейсенбі	03:00	03.30	05:00	13:30	18:39	21:22	23:00
10/06/2016	5.	Жұма	02:59	03.30	04:59	13:30	18:39	21:23	23:00
11/06/2016	6.	Сенбі	02:59	03.30	04:59	13:30	18:40	21:24	23:00
12/06/2016	7.	Жексенбі	02:59	03.30	04:59	13:30	18:40	21:24	23:00
13/06/2016	8.	Дүйсенбі	02:59	03.30	04:59	13:30	18:41	21:26	23:00
14/06/2016	9.	Сейсенбі	02:59	03.30	04:59	13:30	18:41	21:26	23:00
15/06/2016	10.	Сәрсенбі	02:59	03.30	04:59	13:30	18:41	21:27	23:00
16/06/2016	11.	Бейсенбі	02:59	03.30	04:59	13:30	18:42	21:27	23:00
17/06/2016	12.	Жұма	02:59	03.30	04:59	13:30	18:42	21:28	23:00
18/06/2016	13.	Сенбі	02:59	03.30	04:59	13:30	18:42	21:28	23:00
19/06/2016	14.	Жексенбі	02:59	03.30	04:59	13:30	18:42	21:28	23:00
20/06/2016	15.	Дүйсенбі	02:59	03.30	04:59	13:30	18:43	21:28	23:00
21/06/2016	16.	Сейсенбі	02:59	03.30	04:59	13:30	18:43	21:30	23:00
22/06/2016	17.	Сәрсенбі	02:59	03.30	04:59	13:30	18:43	21:30	23:00
23/06/2016	18.	Бейсенбі	03:00	03.30	05:00	13:30	18:43	21:30	23:00
24/06/2016	19.	Жұма	03:00	03.30	05:00	13:30	18:43	21:30	23:00
25/06/2016	20.	Сенбі	03:00	03.30	05:00	13:30	18:44	21:30	23:00
26/06/2016	21.	Жексенбі	03:01	03.30	05:01	13:30	18:44	21:30	23:00
27/06/2016	22.	Дүйсенбі	03:01	03.30	05:01	13:30	18:44	21:30	23:00
28/06/2016	23.	Сейсенбі	03:02	03.30	05:02	13:30	18:44	21:30	23:00
29/06/2016	24.	Сәрсенбі	03:02	03.30	05:02	13:30	18:44	21:30	23:00
30/06/2016	25.	Бейсенбі	03:03	03.30	05:03	13:30	18:44	21:30	23:00
1/07/2016	26.	Жұма	03:03	03.30	05:03	13:30	18:44	21:30	23:00
2/07/2016	27.	Сенбі	03:04	03.30	05:04	13:30	18:44	21:30	23:00
3/07/2016	28.	Жексенбі	03:05	03.30	05:05	13:30	18:43	21:30	23:00
4/07/2016	29.	Дүйсенбі	03:06	03.30	05:06	13:30	18:43	21:30	23:00

Құжаттандыру тәртібі

Теміртау қалалық Ішкі істер басқармасының Көші-қон полициясы бөлімі еліміздегі заңдарға сәйкес тұрғындарды құжаттандыру, азаматтық беру, тұрақты тіркеу және шетелге шығатын құжаттарды реттеу, шетелдік азаматтарға Қазақстанда тұру ықтиярхатын беру, уақытша тіркеуге алу сияқты сан салалы жұмыстармен айналысады. Құжаттың әрбір адам өміріндегі маңызды ерекше, бұл жұмыстың бәрі 2015 жылғы 4 желтоқсандағы ІІМ арнайы қаулысына сәйкес реттелуде.

Елімізде тұрақты түрде тұратын шетелдік және азаматтығы жоқ адамдарға ІІБ мынадай құжаттар беруге тиіс: жеке басты куәландыратын ықтиярхат, азаматтығы жоқтығы жөнінде куәлік, ықтиярхат 16 жасқа толған ел аумағында

тұрақты тұратын шетелдіктерге он жыл мерзімге беріледі. Ал ықтиярхат немесе азаматтығы жоқтығы жөніндегі куәлік тұрақты жері бойынша ІІБ органдары арқылы беріледі.

Қазір біздің қаламызда мамыр айының соңындағы тіркелген деректер бойынша азаматтығы жоқ 279 адам тұрады, ал уақытша тұру ықтиярхат алған шетелдіктер 5562 адам, оның 5445-і таяу, ал 117-сі алыс шетелден келгендер. Сара-лап айтатын болсақ, бүгінгі таңда азаматтардың басым көбі көршілес Өзбекстан елінен түрлі мақсатта келген- 120, сондай-ақ Ресейден де осыншама адам келген. Мұның сыртында Қырғызстан, Тәжікстан, Украина, Өзербайжан, Армения сияқты ТМД елдері және Герма-ния, Монголия сияқты елдерден де біршама азаматтар құжаттар алуға тіркелді.

Көші-қон полициясындағы деректер бойынша ықтиярхат алуға мүдделі азаматтардың басымы Ресейден келгендер деп айтуға болады. Олар бұған дейін де біздің республика азаматтары ретінде тіркелген, бірақ сыртқа шықпай-ақ Ресей елшілігі арқылы сол елдің ұлттық төлқұжатын алғандар. Ал Өзбекстан Ре-спубликасынан келгендер, атап айтқанда қандастарымыз келешекте ҚР азаматтығын алу үшін алдымен уақытша тұру ықтиярхатын рәсімдейді. Алыс шетелден келушілер негізінен қаламыздағы „АрселорМиттал Теміртау„, „ЦентралАзияЦе-мент„ секілді кәсіпорындарға шақырылған мамандар мен жұмысшы күші деп айтуға болады. Ықтиярхат алу мерзімі отыз күнтізбелік мерзім ішінде қаралады. Бұл ретте өтініштің электронды түрін рәсімдеуге болатынын айтқан жөн.

Қ - АҚПАРАТ

МЕНШІК ИЕСІ:

«Құрыш қала КЗ» газетінің редакциясы» ЖШС

Құрылтайшысы әрі директоры

Т. СМАҒҰЛОВ

Бас редактор Руза АЛДАШЕВА

Техникалық редактор:

Қарлығаш БЕЙСЕНҚЫЗЫ

Газетті есепке қою туралы № 15007-Г куәлікті 2014 жылғы 18 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті Мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттік берген.

Газет айына төрт рет шығады

Тапсырыс 57

Тиражы 700 дана.

Форматы А-3.

Көлемі 3 баспа табақ.

Оффсетті басылым:

Газет «Құрыш қала КЗ» газеті редакциясында теріліп, беттелді.

Газет «Арқо» ЖШС баспаханасынан басылды.

(Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15 үй). Индекс 65023

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді, жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Редакция мекен-жайы: Теміртау қаласы, Блюхер көшесі, 13 үй, 237 кабинет.

Телефон: 8 (7213) 44-76-62. Телефон/факс: 8 (7213) 98-16-11 Электронды поштамыз:

khurysh_khala_KZ@mail.ru